ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ
АУДАРМА ІСІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Құрметті жас ғалымдар мен білім алушылар!

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің Аударма ісі және шетел тілдері кафедрасы студенттерді, магистранттарды, докоранттарды, жас ғалымдар мен оқытушыларды, сондай-ақ аудармашыларды **«INTEGRATING ARTIFICIAL INTELLIGENCE INTO LANGUAGE TEACHING AND TRANSLATION STUDIES: CHALLENGES AND PERSPECTIVES»** атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

Конференцияның мақсаты – шетел тілдерін оқытуда, жазбаша және ауызша аудармада жасанды интеллектіні қолданудың заманауи үрдістерін, мәселелері мен перспективаларын, сондай-ақ аударматануды дамытудағы және болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы рөлін талқылау.

Шетел тілдерін оқытуда генеративті жасанды интеллектіні тиімді әрі сапалы пайдалану, машиналық аударма жүйелерін, цифрлық білім беру платформаларын, сондай-ақ кез келген салалық бағыттағы мәтіндерді автоматты түрде талдау және редакциялау құралдарын қолдану мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 4 желтоқсан, сағат 10:00.

Конференция форматы: аралас – офлайн және онлайн.

Өтетін орны: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Студенттер даңғылы, 1, бас оқу ғимараты.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын тілдері.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жоспарланады:

1-секция. Жасанды интеллектіні пайдалана отырып шетел тілдерін оқыту мәселелері.

2-секция. Аударма үдерісіндегі адам мен жасанды интеллектінің өзара әрекеттестігі.

3-секция. Заманауи білім беру жүйесінде кәсіби даярлау барысында жасанды интеллектіні пайдалану.

Қатысуға бакалавриат студенттері, магистранттар, докоранттар, жас зерттеушілер мен оқытушылар, сондай-ақ аудармашылар шақырылады.

Конференцияға қатысуға арналған өтінімдер мен мақалалар 2026 жылғы 25 қарашаға дейін asel.maratova07@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады (**тел.:** 8 702 305 70 82, 8 701 877 92 96).

Мақалаларды жариялау тегін. Мақалалар белгіленген талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс.

Конференцияға қатысу түрлері:

- секциялық отырыста баяндама жасау (7 минутқа дейін);
- пленарлық отырыста баяндама жасау (7 минутқа дейін).

Конференция материалдарын рәсімдеуге қойылатын талаптар

1. Мақала материалы автор жүргізген жұмыстың сипатын, мазмұны мен нәтижелерін нақты көрсетуі тиіс.
2. Мақаланың көлемі – 5–10 бет. Мәтін Microsoft Word редакторында А4 форматында терілуі тиіс: жоларалық интервал – 1,0; қаріп – Times New Roman; қаріп өлшемі – 12; абзацтық шегініс – 1,25 см; жоғарғы және төменгі жиектері – 2 см, сол жақ жиегі – 3 см, оң жақ жиегі – 1 см. Беттер нөмірленбейді, сөздерді тасымалдауға жол берілмейді. Әдебиеттерге сілтемелер шаршы жақшаның ішінде көрсетіледі. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен ережелері» атты ГОСТ 7.1–2003 талаптарына сәйкес рәсімделеді [1, 37-б.].
3. Жоғарғы сол жақ бұрышта ӘОЖ (әмбебап ондық жіктеу) көрсетіледі. Келесі жолда ортасына мақала атауы БАС ӘРІПТЕРМЕН және қалың қаріппен жазылады.
4. Бір жол қалдырылып, ортасына автордың аты-жөні жазылады. Келесі жолда кіші әріптермен, 12 кегль қаріппен автордың электрондық поштасы, мамандығы, ұйымның атауы, қала және мемлекет көрсетіледі.
5. Жаңа жолдан үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) 50–70 сөзден тұратын аңдатпа және 5–6 түйін сөз беріледі. Екі жол қалдырылып, жаңа абзацтан мақаланың негізгі мәтіні жазылады. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мәтіннің соңында еңбекте аталу ретіне сәйкес рәсімделеді.
6. Ұйымдастыру комитеті рәсімдеу талаптарына сәйкес келмейтін материалдарды қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.
7. Мақала ұсынылған үлгіге сәйкес рәсімделуі тиіс.

УДК

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИИ В ПРОФЕССИИ ПЕРЕВОДЧИКА

С.К.Асанов
s.asanov@mail.ru
студентка 2 курса образовательной программы «Перевод и переводоведение»
Атырауский университет имени Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан Научный руководитель — кандидат филологических наук, ассоц.профессор Байниева К.Т.

(1 абзацный отступ)

Текст статьи

(1 абзацный отступ)

Список использованной литературы:

1. Райдер Л. Квантовая теория поля. — М.: Платон, 2018. — 315 с

Мақалалардың электрондық нұсқалары, автордың өтінімі және антиплагиаттан өткені туралы анықтама бір электрондық хатпен **2026 жылғы 25 қарашаға** дейін **asel.maratova07@mail.ru** электрондық пошта мекенжайы бойынша қабылданады.

Бір тұлға екі реттен артық автор немесе қосалқы автор бола алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттерге сілтемелер мәтінде қолданылу ретіне қарай нөмірленіп, мақаланың соңында көрсетілуі тиіс. Мақала мәтіні стилистикалық және техникалық тұрғыдан мұқият редакциялануы қажет.

Қатысу шарттары:

- рәсімдеу талаптарына сәйкес дайындалған мақала мәтіні;

• ғылыми жетекшінің немесе факультет деканының жазбаша қорытындысы (сканерленген нұсқасы);

• конференцияға қатысуға арналған өтінім.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың кемінде біреуі болмаған жағдайда материалдар жариялауға қабылданбайды.

Мақала мәтіні авторлық редакцияда жарияланады. Ұсынылған материалдардағы грамматикалық және стилистикалық қателер үшін ұйымдастыру комитеті жауапкершілік көтермейді.

Мақаланың түпнұсқалық деңгейін растайтын анықтаманы қоса ұсыну қажет (түпнұсқалық көрсеткіші кемінде 70%, сканерленген PDF форматында).

Конференцияға қатысу тегін. Конференция қорытындысы бойынша ISBN халықаралық стандартты кітап нөмірі берілген электрондық жинақ PDF форматында жарық көреді. Конференция материалдары Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің https://asu.edu.kz/ және https://atyrau.edu.kz/ ресми сайттарында жарияланады.

Мақалаға автордың (авторлардың) өтінімі қоса берілуі тиіс. Өтінімді, мақала материалдарын және антиплагиаттан өткені туралы анықтаманы бір хатпен көрсетілген электрондық пошта мекенжайларына жіберулеріңізді сұраймыз.

Конференцияға қатысуға арналған өтінім

Тегі, аты	
Мәртебесі (студент, магистрант, докторант (білім беру бағдарламасының коды мен атауы), жас ғалым, оқытушы	
Ғылыми жетекшісі (ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны)	
Мақаланың атауы	
Секция	
Жоғары оқу орнының немесе ұйымның	
Мекенжайы, телефон нөмірі, электрондық	
Қалаған қатысу форматы	

Белгіленген мерзімнен кейін ұйымдастыру комитетіне келіп түскен өтінімдер қарастырылмайды. Ұйымдастыру комитеті конференцияға ұсынылатын баяндамаларды іріктеу құқығын өзіне қалдырады.

Құрметпен, **Ұйымдастыру комитеті**